


«Бекітемін»
«Балдәурен» бөбекжай-бағбақшасының»
менгерушісі:  М.Бузаубакова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Балдәурен» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК

Тобы: «Бәйтерек» кіші тобы

Балалардың жасы 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
	Физикалық қасиеттерді дамыту	
Қыркүйек	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілен бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен Секіру. Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу, өрмелеу Домалату, лақтыру. Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі бастапқы қалыпта 1-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға допты домалату Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету..
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру : Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жихаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен төлдерінің атаулары Тілдің грамматикалық құрылымы: Балаларды сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімнің көпше түрін қолдануға Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету
	Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:

	Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету;
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, негізгі түстерді ажыратуды, тапсырмаларды орындауды.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Суретсалу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізуді үйрету.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың тұзды қамыр, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексаз бен тұзды қамырды қолдануды үйрету.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту; Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру, оларды қолданудың қарапайым әдістерін, жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау; музыка тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру Ән айту; Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар; музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кубиктер, цилиндр т.б) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Адамгершілік тәрбиесі. Балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Физикалық қасиеттерді дамыту	
Қазан	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта жүруді шеңбер бойымен жүруді үйретуді жалғастыру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, сызықтармен шектелген жолмен, жіптің бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуді жалғастыра отырып, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіруге үйрету Еңбектеу, өрмелеу. Жазықтың бетімен, тегіс тақтайдың үстімен, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астымен. Домалату, лақтыру. Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі бастапқы қалыпта 1-1,5 м арақашықтықтағынысанаға допты домалатуды жетілдіре отырып, допты (төмен, жоғары) лақтыру (қағып алмай) Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Алға және екі жаққа еңкею. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыра отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру дағдысын жетілдіру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ете отырып, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға баулу.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қарапайым сөздерді, жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуды үйретуді жалғастыра отырып, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуын жетілдіру,

	Сөздік қорды қалыптастыру; Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жихаз,көгеніс пен жеміс, үй жануарлары мен төлдерінің атауларымен толықтыра отырып, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды сөздердің дұрыс айтылуын,зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретумен қоса, сын есімді зат есіммен байланыстырып, сөз тірестерін құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйретуді жалғастыра отырып, өз ойын айтуға үйрету.
Көркемәдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйретуді жалғастыра отырып, балаларды бесік жырларын, халық әндерін , ертегілерін тыңдауға үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, негізгі түстерді ажыратуды, қарапайым тапсырмаларды орындау біліктіліктерін жетілдіру, пішіндерді атауды (домалақ, төртбұрыш), ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Суретсалу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізу біліктілігін жетілдіре отырып, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуге үйрету.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың тұзды қамыр, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру,ермексаз бен тұзды қамырды қолдану біліктілігін жетілдіре отырып, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) үйрету.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:Жапсыруға қызығушылықты ояту;Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру,оларды қолданудың қарапайым әдістерін, жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуді жалғастыра отырып, ересектердің көмегімен геометриялық фигураларды ,үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді т.б орналастыру.
Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру:Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кубиктер, цилиндр т.б) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыра отырып,қарапайым құрылысты ересектердің көмегімен құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру.
Музыка	Музыка тыңдау;Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу Ән айту;педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыққы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар;қарапайым би қимылдарын орындау;қолдың білектерін айналдыру,шапалақтау және аяқты

		тарсылдату,жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы ,үйі «Мен»бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден танумен қоса, есімін, жасын атау, үйін тану,отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем:Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану біліктілігін арттыра отырып, заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді) орындауға баулу. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін дамыта отырып, көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыра отырып, кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баули отырып, дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату біліктілігін арттыра отырып, жануарлар туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ай	Физикалық қасиеттерді дамыту	
Қараша	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта жүруді шеңбер бойымен жүруді үйретуді жалғастыру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру біліктілігін жетілдіре отырып, аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, сызықтармен шектелген жолмен, жіптің бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру біліктіліктерін дамыта отырып, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға) тұру, қолдарын жая жүріп өтуді үйрету. Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру біліктілігін арттыра отырып, белгі бойынша тоқтап, жүргізуді үйрету. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуді жалғастыра отырып, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіру біліктіліктерін жетілдіре отырып, 10-15 см биіктіктен секіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. Жазықтың бетімен, тегіс тақтайдың үстімен, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астымен, гимнастикалық скамейканың үстімен. Домалату, лақтыру. Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі бастапқы қалыпта 1-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға допты домалатуды жетілдіре отырып, допты (төмен, жоғары) лақтыру (қағып алмай) біліктіліктерін дамыта отырып, доптарды бір-біріне домалату. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыра отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіре отырып, қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқару біліктіліктерін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіру біліктіліктерін жетілдіру Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру дағдысын жетілдіре отырып, жеке заттарды қолдануға (қол орамал,

	майлық, орамал, тарақ, түбек) үйрету. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ете отырып, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындау біліктіліктерін дамыту.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қарапайым сөздерді , жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуды үйретуді жалғастыра отырып, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуын жетілдіру, еліктеу сөздерін дұрыс айтуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру; Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жихаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен төлдерінің атауларымен толықтыра отырып, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен толықтыра отырып, еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама- қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Балаларды сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретумен қоса, сын есімді зат есіммен байланыстырып, сөз тірестерін құра білу біліктіліктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйретуді жалғастыра отырып, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету.
Көркемәдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, балаларды бесік жырларын, халық әндерін , ертегілерін тыңдауға үйретуді жалғастыра отырып, ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және де басқа көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, негізгі түстерді ажыратуды, қарапайым тапсырмаларды орындау біліктіліктерін жетілдіру, пішіндерді атауды (домалақ, төртбұрыш), ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимыл үйлесімділігін дамыту,
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізу біліктілігін жетілдіре отырып, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу біліктерін жетілдіру, дәстүрлі емес әдістермен сурет салу.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың тұзды қамыр, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексаз бен тұзды қамырды қолдану біліктілігін жетілдіре отырып, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) біліктіліктерін жетілдіру. техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеу.

Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кубиктер, цилиндр т.б) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыра отырып,қарапайым құрылысты ересектердің көмегімен құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру біліктілігін жетілдіре отырып,өз бетінше құрастыруға қызығушылыққа баулу.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту; Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру,оларды қолданудың қарапайым әдістерін, жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуді жалғастыра отырып, ересектердің көмегімен геометриялық фигураларды ,үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді т.б орналастыру біліктілігін жетілдіру.
Музыка	Музыка тыңдау; музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,оны тыңдау,дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру Ән айту; педагогтың дауыс ырғағына,сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айтуды жалғастыру Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар; қарапайым би қимылдарын орындау,қолдың білектерін айналдыру,шапалақтау және аяқты тарсылдату,жүрелеп отыру,аяқтарын қозғау,айналу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы ,үйі «Мен»бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден танумен қоса, есімін, жасын атау, үйін тану,отбасы мүшелерінің аттарын атау, баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану біліктілігін арттыра отырып, заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді) орындауға баули отырып, нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орныдауға баулу. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін дамыта отырып, көлік құралдарының кейбір түрлерімен танысу біліктіліктерін жетілдіру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыра отырып, кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйретуді жалғастыра отырып, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға баулу. Адамгершілік тәрбиесі. Балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баули отырып, дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыра отырып, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екені туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату біліктілігін арттыра отырып, жануарлар туралы бастапқы түсініктерін жетілдіре отырып,үй жануарлары мен олардың төлдерімен таныстыру.Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық

	жасауға тәрбиелеу.
--	--------------------

а	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттер
	Физикалық қасиеттерді дамыту	
Желтоқсан	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Әртүрлі бағытта және берілген бағытта жүруді шеңбер бойымен жүруді, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру, аяқтың ұшымен жүруге үйретуді жетілдіре отырып, аяқтың ұшынан өкшеге ауыса жүруге үйрету. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, сызықтармен шектелген жолмен, жіптің бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру біліктіліктерін дамыта отырып, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға) тұру, қолдарын жая жүріп өту біліктілігін жетілдіре отырып, заттардың үстінен (гимнастикалық скамейка) қолдарын жоғары көтеріп жүріп өту. Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру біліктілігін арттыра отырып, белгі бойынша тоқтап жүгіруге үйретуді жалғастыра отырып, бірінің соңынан бірі жүгіруді үйрету. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіру біліктіліктерін жетілдіре отырып, 10-15 см биіктіктен секіруге үйретуді жалғастыру. Еңбектеу, өрмелеу. Жазықтың бетімен, тегіс тақтайдың үстімен, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астымен, гимнастикалық скамейканың үстімен еңбектеп өту біліктілігін жетілдіру. Домалату, лақтыру. Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі бастапқы қалыпта 1-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға допты домалатуды жетілдіре отырып, допты (төмен, жоғары) лақтыру (қағып алмай) біліктіліктерін дамыту, доптарды бір-біріне домалату біліктілігін арттыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыра отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіре отырып, қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау: Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанаға отырғызып сүйреуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіру біліктіліктерін жетілдіре отырып, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

	Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру дағдысын жетілдіру, жеке заттарды қолдануға (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) үйретуді жалғастыра отырып, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру секілді мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары.Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындау біліктіліктерін дамыта отырып, қызығушылықтарын арттыру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қарапайым сөздерді , жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуды үйретуді жалғастыра отырып, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуын жетілдіру, еліктеу сөздерін дұрыс айтуына ықпал ете отырып, артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру; Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жихаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен төлдерінің атауларымен, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама- қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) сөздермен толықтыра отырып, адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Балаларды сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретумен қоса, сын есімді зат есіммен байланыстырып, сөз тірестерін құра білу біліктіліктерін жетілдіру, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйретуді жалғастыра отырып, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету
Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, балаларды бесік жырларын, халық әндерін , ертегілерін тыңдауға үйретуді жалғастыра отырып, ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және де басқа көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, негізгі түстерді ажыратуды, қарапайым тапсырмаларды орындау біліктіліктерін жетілдіру, пішіндерді атауды (домалақ, төртбұрыш), ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін дамыта отырып, қолдың бұлшық еттерін, « көз бен қолдың » сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен сурет салу біліктілігін жетілдіру.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың тұзды қамыр, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексаз бен тұзды қамырды қолдану, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) біліктіліктерін жетілдіру. техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеу дағдысын дамыту.
Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кубиктер, цилиндр т.б) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыра отырып, қарапайым құрылысты ересектердің көмегімен құрастыру біліктіліктерін жетілдіре отырып, өз бетінше құрастыруға қызығушылықтарын арттыра отырып, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту; Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру, оларды қолданудың қарапайым әдістерін, жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуді жалғастыра отырып, ересектердің көмегімен геометриялық фигураларды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді т.б орналастыру біліктілігін жетілдіре отырып, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау; музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру Ән айту; педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуды жалғастыру Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар; қарапайым би қимылдарын орындау, қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру
Әлеуметтік –эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі Есімін, жасын атау, үйін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау, баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ете отырып, оның қалауына, қажеттіліктеріне құрметпен қарау. Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану, заттық- бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді) орындауға баули отырып, нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға біліктілігін жетілдіру. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін дамыта отырып, көлік құралдарының әртүрлілігі жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Еңбекке баулу.

	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыра отырып, кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады), ересектердің еңбегін бақылай отырып, құрметпен қарауға баулу. Адамгершілік тәрбиесі. Балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баули отырып, дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екені туралы қарапайым түсініктерімен қатар, «жақсы» мен «жаманды» ажыратуға баулу. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату біліктілігін арттыра отырып, жануарлар туралы бастапқы түсініктерін жетілдіре отырып, үй жануарлары мен олардың төлдерімен таныстыру. Өсімдіктер мен жанурларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сондай-ақ, аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру.
--	---

А	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерді дамыту
Қаңтар	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта жүруді шеңбер бойымен жүруді, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ұшынан өкшеге ауыса жүру дағдыларын дамыту. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, сызықтармен шектелген жолмен, жіптің бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға) тұру, қолдарын жая жүріп өту, заттардың үстінен (гимнастикалық скамейка) қолдарын жоғары көтеріп жүріп өту біліктіліктерін арттыру. Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру, белгі бойынша тоқтап жүгіру, бірінің соңынан бірі жүгіруді үйретуді жалғастыра отырып, шағын топқа бөлініп жүгіруді үйрету. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіру, 10-15 см биіктіктен секіруге үйретуді жалғастыра отырып, еденде жатқан секіргіштен секіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. Жазықтың бетімен, тегіс тақтайдың үстімен, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астымен, гимнастикалық скамейканың үстімен еңбектеп өту біліктілігін жетілдіре отырып, арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыра отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыра отырып, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру) Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау: Ойыншықтарды шанаға отырғызып сүйреуге, шананы жібінен сүйретуге үйретуді жалғастыру. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіру біліктіліктерін жетілдіре отырып, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулуды жалғастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында

	өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру дағдысын жетілдіру, жеке заттарды қолдануға (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) үйретуді жалғастыра отырып, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру секілді мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық танытуға баулу.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қарапайым сөздерді , жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуды үйретуді жалғастыра отырып, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуын жетілдіру, еліктеу сөздерін дұрыс айтуына ықпал ете отырып, артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуын жетілдіру. Сөздік қорды қалыптастыру; Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жихаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен төлдерінің атауларымен, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама- қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) сөздермен толықтыру, адамдардың қарым- қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен толықтыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Балаларды сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімнің көпше түрін қолдануға үйретумен қоса, сын есімді зат есіммен байланыстырып, сөз тірестерін құра білу, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру біліктіліктерін жетілдіру, Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйретуді жалғастыра отырып, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беру біліктіліктерін жетілдіру, байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту.
Көркем әдебиет	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға, балаларды бесік жырларын, халық әндерін , ертегілерін тыңдауға үйретуді жалғастыра отырып, ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және де басқа көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	
Сенсорика	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, негізгі түстерді ажыратуды, қарапайым тапсырмаларды орындау біліктіліктерін жетілдіру, пішіндерді атауды (домалақ, төртбұрыш), ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін дамыта отырып, қолдың бұлшық еттерін, « көз бен қолдың » сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыта отырып, өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі

	бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	
Сурет салу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту; сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен сурет салу біліктілігін жетілдіре отырып, белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балалардың тұзды қамыр, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексаз бен тұзды қамырды қолдану, мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) біліктіліктерін жетілдіре отырып, техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеу дағдысын дамыта отырып, күрделі пішінді заттарды жасауға бейімдеу.
Жапсыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Жапсыруға қызығушылықты ояту; Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру, оларды қолданудың қарапайым әдістерін, жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуді жалғастыра отырып, ересектердің көмегімен геометриялық фигураларды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді т.б орналастыру біліктілігін жетілдіре түсу, ересектермен бірге түстерді таңдауға үйретуді жалғастыру, қарама-қарсы түстерді ажырату.
Құрастыру	Біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кубиктер, цилиндр т.б) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыра отырып, қарапайым құрылысты ересектердің көмегімен құрастыру біліктіліктерін жетілдіре отырып, өз бетінше құрастыруға қызығушылықтарын арттыра отырып, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа немесе сөреге құрастырғыштарын жинау.
Музыка	Музыка тыңдау; Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу Ән айту; Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар; Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б) ойындар мен әндерді сахналау
Әлеуметтік -эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі Есімін, жасын атау, үйін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау, баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ете отырып, оның қалауына, қажеттіліктеріне құрметпен қарай отырып, мүмкіндіктерін жетілдіру. Заттық әлем: Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану, заттық- бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді) орындауға баули отырып, нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындау біліктілігін арттыра отырып, екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет етуге үйрету. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін дамыта отырып, көлік құралдарының әртүрлілігі жөнінде түсініктерін

	жетілдіру,олардың атқаратын қызметі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыра отырып, кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады), ересектердің еңбегін бақылай отырып, құрметпен қарауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі. Балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баули отырып, дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру, ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екені туралы қарапайым түсініктерімен қатар, «жақсы» мен «жаманды» ажырата білуін жетілдіру. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату, жануарлар туралы бастапқы түсініктерін, үй жануарлары мен олардың төлдерімен таныстыру. Сондай-ақ, аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.
--	---

А	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
		Физикалық қасиеттерін дамыту
Ақпан	Денешынықтыру	Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта жүруді шеңбер бойымен жүруді, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру, аяқтың ұшымен жүру, аяқтың ұшынан өкшеге ауыса жүру дағдыларын дамыту, шағын топпен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тура жолмен, сызықтармен шектелген жолмен, жіптің бойымен жүру, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға) тұру, қолдарын жая жүріп өту, заттардың үстінен (гимнастикалық скамейка) қолдарын жоғары көтеріп жүріп өту біліктіліктерін арттыру, заттардан (биіктігі 10-15 см) құрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру. Бірқалыпты, берілген бағытта, шашырап, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүгіру, белгі бойынша тоқтап жүгіру, бірінің соңынан бірі жүгіруді үйретуді жалғастыра отырып, шағын топқа бөлініп жүгіруді үйретуді жалғастыру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіру, еденде жатқан секіргіштен секіруге үйрету. 10-15 см биіктіктен секіру біліктіліктерін жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Жазықтың бетімен, тегіс тақтайдың үстімен, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның астымен, гимнастикалық скамейканың үстімен еңбектеп өту біліктілігін жетілдіре отырып, арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу дағдысын дамыту. Домалату, лақтыру. Екі қолмен әртүрлі тәсілдермен, әртүрлі бастапқы қалыпта 1-1,5 м арақашықтықтағы нысанаға допты домалату, допты (төмен, жоғары) лақтыру (қағып алмай), доптарды бір-біріне домалату, допты домалатып шеңберден өткізу дағдысын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйретуді жалғастыру (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру) Спорттық жаттығулар Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас

	танытуға баулуды жалғастыру. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру дағдысын жетілдіру, жеке заттарды қолдануға (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) үйретуді жалғастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру секілді мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыруды, киімдерін ұқыпты бүктеп немесе іліп қоюды үйретуді жалғастыру. Сауықтыру- шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық танытуларын жетілдіру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	
